БЕКІТЕМІН
Ю.А.Гагарин атындағы
мектеп-лицейінің директоры
__________ Г.А.Тусупова
«__31__»____08______ 2023 жыл

# *Ю.А.Гагарин атындағы мектеп –лицейінің 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық қызметінің жұмыс жоспары*

***2023-2024 оқу жылы***

**Мақсаты:** оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға қолдау көрсету.

**Міндеттері:**

- әр баланың толық психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық ахуал туғызу.
- педагогикалық үрдіске қатынасушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас стилін реттеу.
- әлеуметтік және жеке даралық жетістіктерге жол ашу.

| № р/с | Іс-шаралар | Жұмыс түрлері | Нысаналы топ | Орындау мерзімі | Ескертулер | Есептілк нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **І. Диагностикалау** | | | |
| 1 | Оқушыларының мектепке бейімделуін қадағалау. | Бақылау | 1,5-ші сыныптар | Қыркүйек | | Хаттама |
| 2 | 1.«Мектеп суреті»<br>2.МЭДИС әдістемесі | Тест әдістемелер | 1-сынып | Қазан | | Хаттама |
| 3 | Оқуға мотивациясын зерттеу тесті | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 8-11 | Қазан | | Хаттама |
| 4 | 1.Филлипс әдістемесі<br>2.Оқуға мотивациясын зерттеу<br>3.Социометрия | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 5-сынып | Қазан | | Хаттама |
| 5 | 1.Буллинг туралы түсініктерін анықтау | Сауалнама | 5,8 | Қазан | | Хаттама |
| 6 | «Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерртеу әдістемесі» | Сауалнама | 5,8 ата-аналары | Қазан | | Хаттама |
| 7 | Н.Г.Лусканова сауалнамасы | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 6-7сынып | Қазан | | Хаттама |
| 8 | Оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау | Сауалнама | 1 сынып ата-аналары | Қазан | | Сауалнама нәтижесі |
| 9 | Социометрия әдістемесі оқушылардың сыныптағы қарым-қатынастарын зерттеу | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 6-7 сынып | Қазан | | Хаттама |
| 10 | Басса-Дарки әдістемесі Оқушылардың агрессивтілік деңгейін анықтау | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 8-11 | Қараша | | Хаттама |
| 11 | 1.«Буллинг» сауалнамасы буллинг туралы түсініктерін анықтау | сауалнама | 6,9 | Қараша | | Хаттама |
| 12 | Н.Г. Лусканова сауалнамасы оқуға мотивациясын зерттеу | ППАМЖ<br>Тест<br>әдістемелер | 2 сынып | Қараша | | Хаттама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1.Н.Г. Лусканова сауалнамасы<br>2.Социометрия<br>Оқуға мотивациясын зерттеу,<br>сыныптағы қарым-қатынастарын зерттеу. | ППАМЖ<br>Тест әдістемелер | 3-4 сынып | Қараша | | Хаттама |
| 14 | 1.«Буллинг» сауалнамасы буллинг туралы түсініктерін анықтау | Сауалнама | 7-10 сынып | Желтоқсан | | Хаттама |
| 15 | «Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерттеу әдістемесі» | Сауалнама | 7-10 сынып ата-аналары | Желтоқсан | | Хаттама |
| 16 | 1. Социометрия<br>2. Л.Г. Федоренконың сауалнамасы<br>Оқушылардың сыныптағы қарым-қатынастарын зерттеу және сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу | ППАМЖ<br>Тест әдістемелер | 10 сынып | Желтоқсан | | Хаттама |
| | Е.А.Климов «ДДО»<br>Кәсіби бағдар беру | ППАМЖ | 7-11 сыныптар | Желтоқсан | | Хаттама |
| 17 | 1.Филлипс әдістемесі<br>2. Л.Г. Федоренконың сауалнамасы<br>3. ШТУР<br>Оқушылардың орта буында оқуға дайындығын анықтау | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 4 сынып | Қаңтар | | Анықтама |
| 18 | 1.«Буллинг» сауалнамасы Буллинг туралы түсініктерін анықтау | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 11 сынып | Қаңтар | | Хаттама |
| 19 | Г. Айзенк сауалнамасы Оқушылардың темперамент түрін анықтау. | ППАМЖ | 6-11 | Қаңтар | | Хаттама |
| 20 | Басса-Дарки әдістемесі оқушылардың агрессивтілік деңгейін анықтау | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 7 сынып | Қаңтар | | Хаттама |
| 21 | Депрессия шкаласы - балаларға (CES-DC) (6-17) Оқушылардың депрессия шкаласын анықтау | ППАМЖ<br>Тест<br>Әдістемелер | 5-11 сынып | Қаңтар | | Хаттама |
| 22 | «Мектеп суреті» әдістемесі (II срез) Оқушылардың мектепке қарым-қатынасын анықтау | Тест | 1 сынып | Ақпан | | Хаттама |
| 23 | Стресс деңгейін, | Сауалнама | 9,11 сынып | Ақпан | | Хаттама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқушылардың стресске жақындығын анықтау | | | | | |
| 24 | МЭДИС (II срез) 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін кешенді зерттеу. | Тест | 1 сынып | Наурыз | | Хаттама |
| 25 | «Емтиханға байланысты тест» Емтиханға дайындық деңгейін анықтау | Тест | 9,11 сынып | Наурыз | | Хаттама |
| 26 | А.Керна-Йиерасека әдістемесі Оқушылардың мектепке дайындығын анықтау | Сауалнама | Мектепалды даярлық | Сәуір | | Хаттама |
| | 2023-2024 оқу жылына талдау жасау Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау Әдістемелік құжаттарды реттеу және толықтыру | | | Мамыр | | |
| ***II. Түзету-дамыту жұмысы*** | | | | | | |
| 1 | Дамуында патологиялық ауытқуы бар балаларды анықтау, құжаттарын ПМПК дайындау | Сауалнама, тестілеу Жеке жұмыс | Мектеп алды даярлық сынып, 1 сынып | Жыл бойы | | Мінездеме |
| 2 | Сұраныс бойынша жеке дара мазасыздануы, қобалжуы, агрессивтілік, қарым-қатынас қиындығы бар оқушылармен жұмыс | Әңгіме, кеңес, әдістемелер жеке жұмыс | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| 3 | Ерекше педагогикалық назар аударуды қажет ететін балалармен жұмыс Ерекше педагогикалық назар аударуды қажет ететін балалармен жұмыс | Профилактика лық әңгімелер | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| 4 | Оқушылардың оқу процесіне психологиялық бейімделуі | түзету –дамыту сабақтары әңгіме, кеңес | 1-ші сынып | Қыркүйек | | Хаттама |
| 5 | Емтиханға дайындық стратегиясы | Дәріс, кеңес | 11 сынып | Қазан | | Тіркеу журналы |
| 6 | Диагностика нәтижелері бойынша оқушылармен жеке жұмыстар | Әңгіме, кеңес | 1-11 сыныптар | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| 7 | "Өз эмоцияларын қалай басқару керек" жаттығулар | Тренинг | 11 сынып | Қараша | | Хаттама |
| | «кәсәби күйіп қалу» сауалнамасы | Сауалнама | Мектеп ұжымы | Қараша | | Хаттама |
| 8 | Оқушылардың оқу процесіне психологиялық бейімделу жаттығулары | түзету –дамыту сабақтары | 1 сынып | Желтоқсан | | Хаттама |
| 9 | «Буллинг: бірге жеңеміз» Психологиялық сағат | Дәріс, тренинг | 1-4 сынып | Қаңтар | | Анықтама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Мектептегі буллингтің алдын алу» Психологиялық сағат | Дәріс, тренинг | 5-8 сынып | Ақпан | | Анықтама |
| 10 | «Буллинг және оған қарсы түру» Психологиялық сағат | Дәріс, тренинг | 9-11 сынып | Наурыз | | Анықтама |
| 11 | «Менің хал-ахуалым» жаттығулар | Дәріс, тренинг | 11 сынып | Сәуір | | Хаттама |
| 12 | Аутотренинг және жүйке күйзелісін төмендету жаттығулары | Дәріс, тренинг | 11 сынып | Мамыр | | Хаттама |
| ***III. Профилактиктика және психологиялық ағарту*** | | | | | | |
| 1 | | | | | | |
| 2 | «Қыз тәрбиесі-қоғам тәрбиесі» қыз балалармен жұмыс | Дәріс, әңгімелер | 5-11 сынып | Қазан | | Хаттама |
| 3 | «Елім дейтін ер болса...» Ұл балалармен жұмыс | Дәріс, әңгімелер | 5-11 сынып | Қараша | | Хаттама |
| 4 | Ұстаздар мен ата-аналардың сұраныстары бойынша қатысушыларға жеке кеңестер. | Әңгіме, жеке кеңестер | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Хаттама |
| 5 | «Ерте жүктіліктің алдын алу» қыз балалармен әңгіме | Әңгіме, кеңес | 8-11 сынып қыздары | Желтоқсан | | Хаттама |
| 6 | Диагностика нәтижелері бойынша педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру. | Әңгіме, жеке кеңестер | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Хаттама |
| 7 | «Құқық бұзушылықтың алдын алу»ұл балалармен жұмыс. | Әңгіме | 5-11 сынып | Ақпан | | Хаттама |
| 8 | Сабақтастық жоспары бойынша диагностика нәтижелерімен таныстыру | Жиналыс | 4 сынып жетекшілері | Наурыз | | Анықтама |
| 9 | Ата-аналардан ақпараттық келісім алу | Жиналыс | 0-11 сыныптар | Қыркүйек | | Форма |
| 10 | «Күш көрсетпеңіз, сіз зорлық-зомбылықтан күштісіз!» | Тренинг сабақ | 9-11 сынып | Қазан | | Хаттама |
| 11 | «Суицид вахтёрларын оқыту» Мектеп ұжымымен жиналыс | Жиналыс | Мектеп ұжымы | Қараша | | Хаттама |
| 12 | Превенция бағдарламасы бойынша дәріс | Жиналысы | 8 сынып ата-аналары | Қараша | | Хаттама |
| 13 | «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» | Семинар | Сынып жетекшілер | Қараша | | Хаттама |
| 14 | Суицид превенциясы бағдарламасы бойынша жасөспірімдерге арналған дәрістер 1.2.3 | Дәрістер Презентация | 8 сынып | Қараша | | Хаттама |
| 15 | Буллинг,кибербуллингтен қалай қорғанамыз? | Презентация | 5-11 сынып ата-аналар жиналыс | Желтоқсан | | Хаттама |
| 16 | «Мектептегі зорлық- | Семинар | Пед. ұжым | Қаңтар | | Хаттама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | зомбылықтың алдын алу» | тренинг | | | | |
| 17 | «Күш көрсетпеңіз, сіз зорлық-зомбылықтан күштісіз!» | Тренинг сабақ | 6-7 сынып | Ақпан | | Хаттама |
| 18 | «Жасөспірім ортасындағы қатігездікті алдын алу» | Семинар тренинг | Сынып жетекшілер | Наурыз | | Хаттама |
| ***IV. Консультация беру*** | | | | | | |
| 1 | "1,5 ші сынып оқушыларының бейімделуі" | Кеңес беру | 1,5 сынып ата-аналар жиналысы | Қыркүйек | | Тіркеу журналы |
| 2 | Сұраныстар бойынша білім беру процесіне қатысушылардың жеке консультациялары | Жеке консультациялар, әңгіме, кеңес | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| 3 | Оқушыларға психологиялық кеңестер | Әңгіме, жеке кеңестер | 11 сынып | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| 4 | "Қауіпті топ" оқушылармен жұмыс профилактикалық әңгімелер | Бақылау, жеке әңгімелер | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| 5 | Оқушыларды бақылау мақсатында сабақтарға қатысу, оқушылар арасында келіспеушілікті жою, оқушылардың үйлеріне профилактикалық рейд жасау | Бақылау | 1-11 сынып | Жыл бойы | | Тіркеу журналы |
| ***V. Әлеуметтік- диспетчерлік бағыты*** | | | | | | |
| 1 | Дамуында патологиялық ауытқуы бар балалардың құжаттарын ПМПК дайындау | Диагностика Тестілеу | 0-4 сынып | Жыл бойы | | Мінездеме |
| 2 | Қауіп-қатер тобына жататын оқушыларды ВОП дәрігерлеріне бағыттау | Диагностика Әңгіме | 8-11 сынып | Жыл бойы | | Мінездеме |

Педагог-психолог К.С. Бимакашева.
Б.К.Адамкожина

**Ю.А.Гагарин атындағы мектеп – лицейінің психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылына жылдық қорытынды талдауы**

**Мақсаты:** оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға қолдау көрсету.

**Міндеттері:**

- әр баланың толық психологиялық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін психологиялық ахуал туғызу.
- педагогикалық үрдіске қатынасушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас стилін реттеу.
- әлеуметтік және жеке даралық жетістіктерге жол ашу.

Мектептің психологиялық қызметтің жұмысы 2021-2022 оқу жылында **Психологиялық-педагогикалық мониторингтың автоматтандырылған жүйеге (ППМАЖ)** қосылғандықтан 5 бағыттың жұмысы осы жүйеде жүргізіледі. Бағыттар бойынша жылдық жоспарда бекітілген іс-шаралар уақытынды ППМАЖ-де өткізіледі және белгіленеді.

**Мектептің психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары:**

- Психопрофилактикалық жұмыс
- Психологиялық диагностика
- Дамытушылық-түзетушылық жұмыс
- Кеңес беру
- Ұйымдастырушылық-дамытушылық қызмет

**Психологиялық қызмет екі ауысым бойынша жұмыс жүргізеді:**

- I ауысым – 1,4,8,9,10,11 сыныптар
- II ауысым - 2, 3, 5,6,7 сыныптар

**Мектептің психологиялық қызметтің құрамы:**

| № | Психологтың аты-жөні | Білімі | Еңбек өтілі | Санаты | Біліктілік арттыру курстары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бимакашева Карлыгаш Сейтжаппаркызы | жоғары | 20 жыл | Педагог-эксперт | 2024 ж |
| 2 | Адамкожина Бегзат Кайратовна | жоғары | 16 жыл | Педагог-модератор | 2024 ж |

**2023-2024 оқу жылында психологиялық қызметтің 5 бағыты бойынша жоспарланған жұмыстар мерзіміне сәйкес өткізілді. Диагностикалық бағыт бойынша мектепалды даярлық топтан бастап 11-ші сыныпқа дейін мерзіміне байланысты жоспарланған әдістемелер психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйеде (ППМАЖ) бекітіліп уақытылы өткізілді.**





Жалпы психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйе арқылы 13 әдістеме бойынша оқушылар тестілеуге қатысты, сонымен қатар бұл жүйеде қарастырылмаған әдістемелер мысалы: буллинг сауалнамасы, 1-ші сыныпқа арналған ой қабілеттерінің экспересс диагностикасының әдістемесі (ОҚЭДӘ), «Мектеп суреті» әдістемесі, 10-шы сыныптарға арналған Л.Г.Федоренконың оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын зерттеу сауалнамасы, 1-ші және мектепалды даярлық сынып ата-аналарына арналған сауалнама, 5-11 сынып ата-аналарына арналған «Ата-аналардың білім беру ұйымының жұмысына қанағаттануын зерттеу әдістемесі» қағаз жүзінде жүргізілді.

**Диагностикалық бағыт бойынша**

1-ші ,5-ші сынып оқушылардың бейімделу деңгейін анықтау барысында бақылау жүргізілді. Әр сыныптың 2 негізгі сабақтары бақыланды. Сабақта барлық мұғалімдер интерактивті тақтаны және көрнекіліктерді пайдаланды. Мұғаліммен мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынас дұрыс орнатылған, мұғалім бүкіл сыныптың балаларын назарда ұстайды. Оқушылар мұғалім айтқанын мұқият тыңдайды. Сыныптардың психологиялық ахуалдары жоғары деңгейде.

1-ші сыныптарда бейімделу бойынша ой қабілеттерінің экспресс диагностикасының әдістемесі (ОҚЭДӘ) жылдың басында және соңында жүргізілді. Әдістеменің I срезіне 83 оқушы қатысты, 18 оқушы денсаулықтарына байланысты қатысқан жоқ. Әдістеме бойынша алынған нәтиже бойынша: жалпы 4 субтест бойынша ойлау қабілетінің жоғары деңгейі – 8 оқушы (10%) көрсетті, орташа деңгейді 25 оқушы (30%) және төмен деңгейді – 50 оқушы (60%) көрсетті.

**Осы әдістеменің II срезі бойынша 92 оқушы қатысты.** Жалпы 4 субтест бойынша ойлау қабілетінің жоғары деңгейі – 8 оқушы (9%) көрсетті, орташа деңгейді 24оқушы (26%) және төмен деңгейді – 61 оқушы (66%) көрсетті.

| № | Мазмұны | Жоғары | Орташа | Төмен |
|---|---|---|---|---|
| 1 | I срез | 8 (10%) | 25 (30%) | 50 (60%) |
| **2** | **II срез** | **8 (9%)** | **24 (26%)** | **61 (66%)** |

Жалпы әдістеменің II срезі бойынша интеллектуалдық даму деңгейінің төмен көрсеткішін көрсеткен оқушыларының ата-аналарымен консультация өткізіліп, 8 оқушының ата-анасына облыстық психологиялық-педагогикалық-медициналық консультациядан өтуге кеңес берілді.

2-11 сыныптар арасында оқу мотивациясының деңгейін бағалау сауалнамасы психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйеде жүргізілді.

| № | Сыныптар | Қатысқан оқушы саны | Мотивацияның жоғары деңгейі | Мотивацияның орташа деңгейі | Мотивацияның төмен деңгейі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 сыныптар | 102 | 64 | 33 | 5 |
| 2 | 3 сыныптар | 18 | 14 | 3 | 1 |
| 3 | 4 сыныптар | 86 | 51 | 22 | 13 |
| 4 | 5 сыныптар | 117 | 10 | 84 | 23 |
| 5 | 6 сыныптар | 108 | 7 | 85 | 16 |
| 6 | 7 сыныптар | 91 | 7 | 67 | 17 |
| 7 | 8 сыныптар | 125 | 12 | 102 | 11 |
| 8 | 9 сыныптар | 88 | 10 | 72 | 6 |
| 9 | 10 сыныптар | 68 | 9 | 51 | 8 |
| 10 | 11 сыныптар | 49 | 9 | 37 | 3 |
| | **Жалпы** | **852** | **193** | **556** | **103** |

**Қорытынды:** оқуға мотивациясының төмен деңгейін көрсеткен оқушылармен профилактикалық жеке әңгімелер арқылы себептер анықталды.

Филипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі бойынша 4-ші және 5-ші сыныптар қатысты.

| № | Сыныптар | Қатысқан оқушы саны | Жоғары алаңдаушылық | Орташадан жоғары | Төмен алаңдаушылық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 сыныптар | 81 | - | 26 | 55 |
| 2 | 5 сыныптар | 117 | 2 | 17 | 98 |
| | **Жалпы** | **198** | **2** | **43** | **153** |

**Қорытынды:** әдістеменің нәтижесі бойынша жоғары алаңдаушылық көрсеткен 2 оқушымен профилактикалық жеке әңгімелер жүргізіліп сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

5-6-7 жә 10-шы сынып оқушылар арасында оқушылардың сыныптағы қарым-қатынасын зерттеу мақсатында «Бастауыш буын социометриясы», «Орта буын социометриясы» және «Жоғары буын социометриясы» өткізілді.

| № | Сыныптар | Қатысқан оқушы саны | Көсбасшы | Танымал | Қабылданған | Оқшауланған | Бейтарап | Қабылданбаған |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 сыныптар | 87 | 28 | 2 | 46 | - | 4 | 7 |
| 2 | 5 сыныптар | 116 | 37 | 6 | 62 | 2 | 3 | 6 |
| 3 | 6 сыныптар | 108 | 37 | 1 | 58 | 5 | 2 | 5 |
| 4 | 7 сыныптар | 89 | 40 | 6 | 32 | 2 | 2 | 7 |
| 5 | 10 сынып | 38 | 12 | 1 | 22 | - | 1 | 2 |
| | **Жалпы** | **438** | **154** | **16** | **220** | **9** | **12** | **27** |

**Қорытынды:** «қабылданбаған» баланы сыныпқа бейімделу бойынша сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

7-11 сыныптар арасында оқушылардың агрессивтілік деңгейін анықтау барысында ППМАЖ арқылы Басса-Дарки әдістемесі жүргізілді.

| № | Сыныптар | Қатықан оқушы саны | Агрессия индексі | Дұшпандылық индексі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 7 сыныптар | 81 | Әлсіз көрінім – 5<br>Бірқалыпты көрінім -29<br>Айқын көрінім - 44 | Әлсіз көрінім – 15<br>Бірқалыпты көрінім -44<br>Айқын көрінім - 22 |
| 2 | 8 сыныптар | 121 | Әлсіз көрінім – 9<br>Бірқалыпты көрінім -55<br>Айқын көрінім - 57 | Әлсіз көрінім – 9<br>Бірқалыпты көрінім -55<br>Айқын көрінім - 57 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | 9 сыныптар | 87 | Әлсіз көрінім – 10<br>Бірқалыпты көрінім -34<br>Айқын көрінім - 36 | Әлсіз көрінім – 18<br>Бірқалыпты көрінім -53<br>Айқын көрінім - 16 |
| 4 | 10 сыныптар | 68 | Әлсіз көрінім – 5<br>Бірқалыпты көрінім -24<br>Айқын көрінім - 36 | Әлсіз көрінім – 22<br>Бірқалыпты көрінім -40<br>Айқын көрінім - 6 |
| 5 | 11 сыныптар | 53 | Әлсіз көрінім – 2<br>Бірқалыпты көрінім -29<br>Айқын көрінім - 18 | Әлсіз көрінім – 18<br>Бірқалыпты көрінім -25<br>Айқын көрінім - 10 |
| | **Жалпы** | **410** | **Әлсіз көрінім – 31<br>Бірқалыпты көрінім - 171<br>Айқын көрінім - 191** | **Әлсіз көрінім – 82<br>Бірқалыпты көрінім - 217<br>Айқын көрінім - 111** |

**Қорытынды:** 7-11 сынып оқушылар арасында агрессия индексі мен дұшпандылық индексінің айқын көрінімін көрсеткен оқушылар бақылауға алынып, жеке профилактикалық әңгімелер өткізілді.

Оқушылардың темперамент типін анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйе арқылы Г. Айзенк сауалнамасы өткізілді.

| № | Сыныптар | Қатысқан оқушы саны | холерик | сангвиник | флегматик | меланхолик |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 6 сыныптар | 99 | 70 | 23 | 1 | 5 |
| 2 | 8 сыныптар | 126 | 80 | 32 | 4 | 10 |
| 3 | 9 сыныптар | 90 | 61 | 21 | 2 | 6 |
| 4 | 10 сыныптар | 68 | 47 | 16 | - | 5 |
| 5 | 11 сыныптар | 44 | 37 | 3 | 1 | 3 |
| | **Жалпы** | **427** | **295** | **95** | **8** | **29** |

**Қорытынды:** Г.Айзенк сауалнамасының нәтиже бойынша әр оқушыға темперамент типі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар, «меланхолик» типіна жататын оқушылар бақылауға алынды.

5-11 сыныптар арасында депрессия шкаласын анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйеде «Депрессия шкаласы балаларға (CES-DC) (6-17)» сауалнамасы өткізілді.

| № | Сыныптар | Қатысқан оқушы саны | Ауыр депрессия | Бірқалыпты депрессия | Жеңіл депрессия | Депрессияны сезінбейді |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 5 сыныптар | 103 | 19 | 25 | 21 | 38 |
| 2 | 6 сыныптар | 107 | 25 | 28 | 31 | 23 |
| 3 | 7 сыныптар | 89 | 23 | 31 | 16 | 19 |
| 4 | 8 сыныптар | 126 | 27 | 32 | 29 | 38 |
| 5 | 9 сыныптар | 85 | 16 | 21 | 22 | 26 |
| 6 | 10 сыныптар | 68 | 16 | 17 | 17 | 18 |
| 7 | 11 сыныптар | 54 | 12 | 21 | 12 | 9 |
| | **Жалпы** | **632** | **138** | **175** | **148** | **171** |

Жоспар бойынша 5 - 11-ші сынып оқушылар арасында «Мектепте Буллингтің алдын алу» бойынша сауалнама алынды.

| № | Сұрақтар | Жауаптар | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Сіз «Буллингтің» не екенін білесіз бе? | Иә | 317 |
| | | Жоқ | 13 |
| 2 | Сіз бір адамның басқаға мазақ болғанын кездестірдіңіз бе? | Иә, тап болдым | 168 |
| | | Кездестірмедім | 157 |
| | | Басқа | 4 |
| 3 | Егер кездестірген болсаңыз, онда қандай түрде: | а) кемсіту | 84 |
| | | б) қорлау (ауызша агрессия) | 46 |
| | | в) физикалық зорлық-зомбылық | 1 |
| | | г) қорлауды телефонға түсіру | 14 |
| | | д) кибербуллинг (қауіптер, қорлау және интернетте кемсіту) | 19 |
| | | е) басқа | 11 |
| 4 | Сіз өзіңіз айдап салудың қатысушысы болдыңыз ба? | а) иә, бақылаушы ретінде | 40 |
| | | б) иә, құрбаны ретінде | 14 |
| | | в) иә, агрессор ретінде (қорлаудың бастамашысы кім); | 3 |
| | | г) жоқ (болған емес) | 273 |
| 5 | Айдап салу жиі қайда болады? | а) мектепте | 103 |
| | | б) аулада, көшеде | 83 |
| | | в) әлеуметтік желілерде; | 54 |
| | | г) басқа яғни жоқ | 22 |
| | | барлығы | 7 |
| 6 | Сіздің көзқарасыңыз бойынша, айдап салуға (буллингке) кім жиі ұшырайды? | а) әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам; | 204 |
| | | б) басқалардан айырмашылығы бар адам (сыртқы, физикалық) | 44 |
| | | в) өз пікірі бар адам; | 34 |
| | | г) басқа | 8 |
| 7 | Сіз педагогтер тарапынан мектеп оқушыларына қысым көрсеткен жағдайымен кездестіңіз бе? | а) иә, жиі | 41 |
| | | б) иә, бірақ сирек | 67 |
| | | в) жоқ, кездестірген жоқпын); | 180 |
| 8 | Ересек адамдар айдап салудан қысым көрген балаларға жеткілікті көмек көрсетпейді деп ойлайсыз ба? | а) иә | 78 |
| | | б) жоқ | 36 |
| | | в) бұл туралы ойланбадым; | 60 |
| 9 | Сіз қалай ойлайсыз, білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін бе? | а) иә, егер уақытында ересектер байқаса | 122 |
| | | б) иә, егер жәбірленуші өзінің мінез-құлқын өзгертсе | 63 |
| | | в) жоқ ол белгісіз; | 74 |
| | | г) басқа | 12 |
| 10 | Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге кім қабілетті? | а) әкімшілік; | 71 |
| | | б) педагогикалық ұжым; | 112 |
| | | в) ата-аналар | 39 |
| | | г) оқушылар; | 52 |
| | | д) басқа | 10 |

**Қорытынды:** сауалнаманың нәтижесі бойынша мектепте, әлеуметтік желіде және де оқушылардың жауаптары бойынша анықталған буллинг себептері уақытында анықталды. Сонымен қатар, оқушылармен буллинг тақырыбына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.





4-ші және 10-шы сыныптар арасында сыныптағы қарым-қатынастарын зерттеу және сыныптағы психологиялық ахуалды зерттеу мақсатында Л.Г. Федоренконың сауалнамасы алынды.

| № | Сыныптар | Қатысқан оқушы саны | 6-12 ұпай | 13-18 ұпай | 19-30 ұпай |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 4 сыныптар | 82 | 70 (85 %) | 10 (12 %) | 2 (2 %) |
| 2 | 10сыныптар | 62 | 32 (52 %) | 21 (34 %) | 9 ( 14 %) |
|  | Жалпы | 144 | 102 (71%) | 31 (21 %) | 11( 8%) |

**Қорытынды:** 6-12 ұпай –102 (71%) оқушы сыныптағы психологиялық ахуалды жоғары бағалайды. Ол бірге оқитын адамдарды жақсы көреді.
13-18 ұпай – 31 (21 %) оқушы сыныптың психологиялық климатына немқұрайлы қарайды, ол үшін қарым-қатынас маңызды болып табылады.
19-30 ұпай – 11( 8%) оқушы сыныптағы психологиялық ахуалды өте нашар деп бағалайды.
Сауалнаманың нәтижесі бойынша 8 % оқушы сыныптағы психологиялық ахуалды нашар деп бағалаған, бұл оқушылармен және сынып жетекшілермен жеке әңгімелер өткізілді, сонымен қатар сыныптар бақыланды.

Мектепалды даярлық сыныптарында мектеп дайындықтарын анықтау мақсатында А.Керна- Йиерасектың әдістемесі өткізілді. Әдістемеге 61 оқушы қатысты. Тестілеудің нәтижесі бойынша 22 оқушы (36%)- мектепке дайындықтың жоғары деңгейін көрсетті, 29 оқушы (47%) – орташа деңгей, 6 оқушы (10%) – орташадан төмен және 4 оқушы (6,5) төмен деңгей көрсетті.

**Психологиялық-педагогикалық ағарту**

Жылдық жоспар бойынша қыркүйек айынан бастап 1-11 сынып ата-аналары психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары және № 377 бұйрықтың мектептегі психологиялық қызметтің ережелері таныстырылып, психологиялық сүйемелдеуге ата-аналардан келісім жиналды.





Жыл бойы ата-аналармен балалардың жас ерекшеліктеріне сай, буллинг тақырыбына түсіндірме жұмыстар өткізілді, сонымен қатар оқушылармен жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижелері таныстырылып, әр ата-анамен баласының нәтижесі бойынша жеке әңгіме жүргізілді. Ата-аналардың өзара қарым – қатынастарына тренингтік жұмыстар жүргізілді.

«Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың мәселесі бойынша ата-аналарға арналған сауалнама» тақырыбында 8-ші, 9- шы сынып ата-аналарының арасында сауалнама өткізілді. Сауалнамаға 70 ата-ана қатысты.

**Мақсаты:** ата-аналар арасында мектепте зорлық-зомбылықтың мәселесі бойынша ойларын анықтау.Сауалнаманың нәтижесі бойынша:

-25 ата-ана мектепте зорлық-зомбылықтың мәселесі бар деп жауап берді, 44 ата-ана – жоқ деп жауап берді және 3 ата-ана – білмеймін деп жауап қайтарды.

- 57 ата-ана балалары ешқандай зорлық-зомбылықтың түрлерімен кездеспегенін айтты, 2 ата-ана – дөрекі сөйлеу, мазақтау және 2 ата-ана – буллинг деп жауап берді.

- 36 ата-ана отбастарында зорлық-зомбылықтың мәселесі талқыланады деп жауап берді, 26 ата-ана – жоқ талқыланбайды деді және 1-ата-ана – кейде деп жауап берді.

- оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлерінің пайда болуын негізгі себептері ретінде ата-аналар өзара келіспеушілік, балаға ата-ананың қарамауы, ғаламтор, баланың ортасы, жоқшылық, отбасындағы тәрбие, жетіспеушілік, тәрбиенің жоқтығы деген сауаландарды жазды.

-мектептегі зорлық-зомбылықтың жеңу мәселелерін шешудің қандай жолдарын ұсынасыз деген сұраққа 10 ата-ана сыныпта зорлық-зомбылық мәселелерін талқылау деп жауап берді, 22 ата-ана – мектептегі тәртіпті күшейту, 12 ата-ана – бақылау мен қадағалауды жақсарту және 16 ата-ана бірнеше сауалды таңдады.

Қараша айында мектептің жас мамандарымен және мектеп қызметкерлерімен өз – өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша «Вахтерларды оқыту» жұмысы жүргізілді.





Биылғы оқу жылында 1-11 оқушылар арасында психологиялық сағаттар ұйымдастырылды. Әр сыныппен жас ерекшеліктеріне сай достыққа, буллингті алдын алуға, жыныстық қолсұғылмаушылық, мамандық таңдауға, қауіпсіздікке, танымдық қабілеттерді дамытуға тақырыптар таңдалып тренинг элементтерімен сабақтар жүргізілді, сонымен қатар диагностикалық жұмыстар өткізілді.

**Түзету-дамыту бағыты**

Оқу жылдық барысында оқушыларды бақылау мен тестілеудің нәтижесінде мектепке бейімделуінде, тілдерінде кемістігі бар және жалпы сабақтағы үлгермеушілігіне байланысты 13 оқушымен қосымша жеке түзету жұмыстары жүргізілді: олар танымдық процесстерін зерттеу «Не жетпейді?», «Қисынсыздарды тап», «Не артық?», «Кактус», «Отбасы суреті», тұлғаны зерттеу «Дом-Дерево-Человек» әдістемесі, сонымен қатар оқуға мотивацияның деңгейін анықтау сауалнамалар мен әдістемелердің қорытындысы бойынша ата-аналардың келісімімен биыл 8 оқушының құжаттары ПМПК комиссиясына жолданды.

Ата-аналардың сұраныстары балаларыңның жеке дара мазасыздануы, қобалжу, агрессивтілік, сабаққа деген қызығушылығының төмендеуі, қарым-қатынастарында қиындығы бар 10 оқушымен себептерін анықтау мақсатында жеке профилактикалық әңгімелер мен түзету жұмыстары өткізілді.

**Профилактикалық кеңестер бағыты.**

Оқу жылдың басынан бастап жеке оқушылармен, ата-аналармен және жалпы сыныптармен жүргізілген профилактикалық әңгімелер бойынша: 16 ата-ана шақырылып балаларының тәртібі, жалпы эмоционалдық жағдайына байланысты профилактикалық әңгімелер және кеңестер берілді, 150 оқушымен – әр түрлі жағдайға байланысты жеке әңгімелер жүргізілді және 15 сыныппен жалпы профилактикалық әңгімелер жүргізілді.